**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**Ғылым комитетінің № 5 мәжілісінің шешімдері**

**Түркістан қаласы** **23.01.2023 ж.**
**Сағат: 15:00**

**Өткен орны:** Мәдениет орталығы, Кіші зал

**Регламент:** 3-5 минут
**Қатысқандар**:
ҒК төрағасы Ошибаева А.Е., ҒК мүшелері, декан орынбасарлары, ғылыми редакторлар.

**Күн тәртібі:**

1. Ғылыми басылымдар бөлімінің жарты жылда атқарған жұмыстары туралы мәлімет (мақала, оқу басылымдар, жасырын рецензенттер, университет ОПҚ-ның мақала беру белсенділігі) (*Баяндамашы: Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы А. Садыкова*);
2. Университет журналдарын («Түркология», «Ясауи университетінің хабаршысы», «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің хабарлары», «Eurasian Research Journal») халықаралық базалар (Scopus, WoS және т.б.) мен ҚР ҒжЖБМ ҒжЖБСҚК ұсынатын ғылыми басылымдар тізіміне кіргізуге бағытталған нақты жұмыстары туралы мәлімет (Қосымша №4 бойынша ұсынады) (*Баяндамашы: Журналдардың редакторлары*);
3. Кезекті XXXI студенттер мен магистранттардың ғылыми-теориялық конференциясының барысы туралы (*Баяндамашы: Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А. Балтабаева*);
4. Білім алушылардың кезекті XXXI ғылыми-теориялық конференциясы жүлдегерлерінің ғылыми жұмыстарын Республикалық байқаудың ІІ кезеңіне жіберу мәселесі (*Баяндамашы: Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А. Балтабаева*);
5. ҒЗИ/ҒЗО-ның әлеуметтік желімен жұмыстары туралы жарты жылдық есебі (Қосымша №5 бойынша ұсынады) (*Баяндамашы: ҒЗИ/ҒЗО директорлары*);
6. Факультеттердің қорғамаған докторанттары бойынша атқарылған жұмыстарының жарты жылдық есебі (Қосымша №6 бойынша ұсынады) (*Баяндамашы: Қорғамаған докторанттары бар факультет декандары (Медицина, Экономика, басқару және құқық, Әлеуметтік-гуманитарлық, Филология, Жаратылыстану, Инженерия*);
7. Студенттік инновациялық жобаларды қолдауға арналған конкурс туралы (*Баяндамашы: Коммерцияландыру офисінің басшысы А.Исаков*);
8. Әр түрлі мәселелер.
8.1. «Yassawi академиялық үстемдік орталығына» қажетті құрал-жабдықтардың тізімін және Қаржы-экономикалық негіздемеде көрсетілген міндеттер мен күтілетін нәтижеге сәйкестігін бекітіп, Сенатқа және Өкілетті кеңеске ұсыну (*Баяндамашы: Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиков*).

Ашық дауыс беру нәтижесінде УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ

**ШЕШІМДЕРІ**:

1. Ғылыми басылымдар бөлімінің жарты жылда атқарған жұмыстары туралы мәлімет назарға алынсын;
2. Университет журналдарын («Түркология», «Ясауи университетінің хабаршысы», «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің хабарлары», «Eurasian Research Journal») халықаралық базалар (Scopus, WoS және т.б.) мен ҚР ҒжЖБМ ҒжЖБСҚК ұсынатын

ғылыми басылымдар тізіміне кіргізуге бағытталған нақты жұмыстары туралы мәлімет назарға алынсын;

3. Кезекті XXXI студенттер мен магистранттардың ғылыми-теориялық конференциясының барысы туралы мәлімет назарға алынсын;

4. Білім алушылардың кезекті XXXI ғылыми-теориялық конференциясы жүлдегерлерінің ғылыми жұмыстарын Республикалық байқаудың II кезеңіне жіберу мәселесі бойынша Ғылыми зерттеулер бөлімінің мәліметі негізінде жұмыстарды тапсырмаған секциялардың жауаптылары деканға түсініктеме берсін, декан тарапынан оларға шара қолдану туралы ұсыныс берілсін;

5. «Еуразия» ҒЗИ-дан басқа ҒЗИ/ҒЗО-ның әлеуметтік желі жұмыстарына жауапты қызметкерлері жарты жылдық есебін толықтырып қайта тапсырсын;

6. Факультеттердің қорғамаған докторанттары бойынша атқарылған жұмыстарының жарты жылдық есебі назарға алынсын;

7. Студенттік инновациялық жобаларды қолдауға арналған конкурс туралы мәлімет назарға алынсын;

8. Әр түрлі мәселелер.

8.1. «Yassawi академиялық үстемдік орталығына» қаржы-экономикалық негіздемеде көрсетілген міндеттер мен күтілетін нәтижеге сәйкес қажетті құрал-жабдықтардың тізімі бекітіліп, Сенатқа және Өкілетті кеңеске ұсынылсын.

**Ғылым комитетінің төрайымы:** **А. Ошибаева**

**Мәжіліс хатшысы:** **Г. Атабаева**